

МОДУЛЬ 3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. № 11. Семинар сабағының тақырыбы. Қазақстан аумағындағы ғұндар, этникалық тегі, саяси тарихы, шаруашылығы қоғамдық құрылысы.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Тұңғыш көшпелі империя Ғұн державасының саяси тарихын қарастыру жан-жақты қарастыру.

3. Сабақтың мазмұны:

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Қытай деректерінде ғұндардың билеушілерін қалай атаған?
2. Б.з.д. 206 ж. ғұн тайпаларының басшысы кім болды?
3. «Бейбіт және туыстық келісімінің» шарттары қандай болды?
4. Б.з.д. 177 ж. ғұндардың әскери жорықтары туралы не белгілі?
5. Ғұндардың оңтүстік және солтүстік болып бөлінуі қай уақытта болды?

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, видеоролик.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар

1. Ғұн қоғамы.
2. Ғұндардың сыртқы саясаты.
3. Ғұндардың шаруашылығы және тұрмысы.

Дәрісханада өткізілетін жұмыс:

Оқытушының алғы сөзі:

Біздің заманымыздың басында Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалардың ішіндегі ең жауынгері ғұндар болды. Ғұндар туралы мәліметтерді қытай деректерінен кездестіруге болады. Ғұндар Қазақстан жеріне Орталық Азиядан б.з.д. I ғасырдың 15

соңы мен б.з. I ғасырында келген. Дәл осы кезеңде Еуразияның ұлан-байтақ даласында, соның ішінде Қазақстан жерінде де, “Халықтардың ұлы қоныс аударуы” болды.

Бес ғасырға жуық уақыт бойы ғұндар кең далаға билік жүргізді. Деректерге қарағанда ғұндар 24 руға бөлінген. Әр руды ру ақсақалдары басқарған. Ғұндардың билеушісін “шаньюй” деп атаған. Ғұн қоғамында “түменбасын” шаньюйдің жақын туыстарынан қоятын болған. Ғұн әскерінің негізін атты әскер құраған. Ғұндарда әскери іс аса жоғары дамыған. Ғұн тайпалары ежелгі түрік тілінде сөйлеген. Ғұндар бірлестігінің негізін салушы Мөде болды.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:

1-деңгей. *Картамен жұмыс.* Контур картаға ғұң тайпаларының шекараларын түсіріңіз.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

Мөде шаньюй – ғұндардың ұлы қолбасшысы, алғашқы көшпелі империя негізін қалаушы. 3-деңгей. Хунні мемлекетінің төрт бөлікке бөлінуі туралы қытай деректері.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері: б.з.д. 32 ғғ. саяси оқиғалар хронологиясын орнату қажет. Ғұндар мен Хань династиясы арасындағы қарым-қатынас кезеңдерін анықтау қажет. Ғұндардың күшею алғышарттары мен Хань династиясының жеңілу себептерін анықтау керек. Аталмыш оқиғалардың ежелгі Қазақстан тұрғындары тарихындағы алатын орнын анықтау.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., Ғыбитов Т.Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін): Монография. 1-том: Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz